*«Нұрай» жеке балабақшасы*

**Бекітемін:**
**Балабақша меңгерушісі:**
**__________ Л. Бакешова**

**Тексерілді:**
**Балабақша әдіскері:**
**__________ А.Айғабыл**

# Ұйымдастырылған ашық іс-әрекеті
# *«Көңілді көліктер»*

*«Балауса»МАД тобы*

***Тәрбиеші: А. Мустафаева***

2024оқу жылы

Тақырыбы: «Көліктер»

**Міндеті:** Көлік түрлерімен таныстыру,ойындар арқылы көлік түрлерін құрастыруды үйрету,шығармашылық қабілеттерін дамыту,көліктер туралы білімдерін бекіту.

**Әдіс- тәсілі:** ойын технологиясы,сұрақ жауап, көрсету,түсіндіру.

1. **Барысы:**

**Балалар** балалар тәрбиешімен бірге музыка әуенімен түрлі көліктердің атрибуттарын киіп топқа кіреді.

**Тәрбиеші:** - Балалар , бүгін бізге көптеген апайлар қонаққа келіп отыр екен. Біз апайларды қуана қарсы алып, сәлемдесейікші.

**Балалар:** Сәлемдеседі.

**Жол полициясы тоқтатып, жол ережесін бұзбай келе жатқандарын айтады,бағдаршам туралы сұрайды.**

**Балалар біз барлығымыз ненің киімдерін киіп келгенбіз?**

- **Көліктердің**

**Дұрыс айтасыңдар . Қараңдаршы әуеде ұшатын көліктер, жерде жүретін көліктер, жәнеде суда жүретін көліктер болып бөлінеді екен.Біз балабақшаға қандай көлікпен келеміз.осы көліктер туралы тақпақтар айтып жіберейікші.**

**Ойын: «Дыбысын ажырат»**

**Көліктердің дыбысы қойылады балалар қандай көліктің дыбысы екенін ажыратады.Жылқының дыбысы шыққанда балаларға ертеде көлік түрлері болмаған,сол кезде ата бабаларымыз жылқыны көлік ретінде мінген,жүктерін тиеп түйеге жылқыға мінген екен.**

**Ойын: « Жұптасайық»**

**Балалар үстеріне киген көлік түрлеріне қарай жұптасып тұра қалады.**

**Енді барлығымыз ойын орталықтарына барып, әртүрлі ойындар ойнайық.**

**Ойын: «Көліктер құрастыр»**

Балалар берілген ұсақ заттардан көліктер құрастырады..

**Ойын: « Сәрді ұшақ»**

Балалар берілген эко ағаш қиындыларынан жасалынған дайын ұшақты өз қалаулары бойынша бояп шығу..

**Ойын: «Сандарына сәйкес көліктер құрастырамыз.»**

Балалар берілген дайын көлік түрлерін сандарына сәйкес орналастырады..

**Ойын: «Ертоқымды сәндейміз»**

Балалар жылқының әбзелдерімен таныса отырып, оларды түрлі оюлар арқылы сәндейді.

**Жарайсыңдар балалар керемет ойындар ойнадыңдар, енді бір бірімізді қошеметтеп отшашау жасайық.**

**Олай болса барлығымыз орнымызға келіп жайғасайық.**

**Ойын: «Түрлі асықтар»** Текшедегі асық түрлері арқылы ұяшықтағы суреттерді ашып, сөйлем құрастырады.

Жарайсыңдар балалар! Сендерге бүгінгі ойындар ұнады ма? Қандай ойындар ойнадық? Не жасадық? Қандай көлік түрлерімен таныстық ?

Балалардың жауабы.

Балаларды мадақтау арқылы ұйымдастырылған ойын іс-әрекетін аяқтау.









“Балауса” мад тобы
“Бағдаршам және көлік түрлері
2024 жыл”









*«Нұрай» жеке балабақшасы*

# *Ашық ойын іс-әрекеті*

## *«Әжемнің текеметі»*

*«Балауса»МАД тобы*

***Тәрбиеші А.Мустафаева***

***2023-2024 оқу жылы***

**Тақырыбы: «Әжемнің текеметі»**

**Міндеті:** Балаларға қазақ халқының әдет ғұрыптарын терең\ірек алу,еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.

**Әдіс- тәсілі:** ойын технологиясы,сұрақ жауап, көрсету,түсіндіру.

1. **Барысы:**

**Балалар** балалар қара жорға биін билеп топқа кіреді.
**Тәрбиеші:** - Балалар , бүгін бізге көптеген апайлар қонаққа келіп отыр екен.
Біз апайларды қуана қарсы алып, сәлемдесейікші.
**Балалар:** Сәлемдеседі.

**Балалар керемет көңіл күймен келе жатыр екенсіңдер,кәне барлығымыз осы көңіл күймен әдемі текеметтің үстіне отырайық.**
**-Текеметте ненің суреттері орналасқан?**

**Балалар: оюдың суреттері.**

**Дұрыс айтасыңдар оюдың суреттері,оюдың түрлері өте көп,әр оюдың мағыналары болады,гүлдерге ұқсайтын ою түрлері, құстар тектес , сандар тектес, жануарлар тектес оюлар болады. Мына жердегі оюлар жануарлар тектес оюлар; қошқар мүйіз, сынық мүйіз, түйетабан. Біз жануарлар тектес оюлармен таныстық.**

**-Жануарлар нешеге бөлінеді?**

**-Балалар:** екіге үй жануарлары және дала жануарлары.

**Жарайсыңдар балалар біз үй жануарларын төрт түлік деп атаймыз, төрт түлікке қандай жануарлар жатады?**

**-Балалар:** түйе, жылқы,сиыр,қой,ешкі.

**-Төрт түліктің адамға берер пайдасы қандай?**

**-Балалардың жауаптары.**

**Қойдың түбітінен осындай дүниелер жасайды екен, текемет,сөмке, жылы аяқ киімдер. Бірінші қойды қырқып түбітін алады, оны күзем деп атайды екен,сол түбітті жуып,түтіп сабаумен сабайды екен. Сонан соң табиғи жолдармен түрлі түсті етіп бояйды.**

**Осы текеметті біз қайтадан жаңғыртып, өзіміз жасаймыз.**

**Енді барлығымыз ойын орталықтарына барып, әртүрлі ойындар арқылы текемет жасайық.**

**Ойын: «Текеметтің оюын орналастыр»**

Балалар сулау әдісі арқылы текеметке дайын оюлар басады.

**Ойын: « Мезгілді бинеле»**

Балалар картина ішіне жүннен мезгілдерді бейнелейді.

**Ойын: «Текеметке жазу жазамыз»**

Балалар текеметке өткен әріптер арқылы үш дыбыстан құралған

сөздер жазады.

**Ойын: «Оюлардың көлеңкесін тап»**

Балалар түстер арқылы жүріп, оюлардың көлеңкесін табады.

**Ойын: «Оюлар құрастыр»**

Балалар ағаш оюлардан текеметтің оюын құрастырады.

**Кәне балалар, оюлар туралы тақпақтарымызды айтайықшы.**

**Жарайсыңдар балалар керемет ойындар ойнадыңдар, енді бір бірімізді қошеметтеп өтшашу жасайық.**

**Олай болса барлығымыз орнымызға келіп жайғасайық.**

**Ойын: «Есептер шығарайық»** Түрлі түсті жастықта орналасқан сандар арқылы есептер шығарамыз.

Енді осы жастықтарды айналдырғанда оюлардың суреттері шығады жұбын табайық.

Жарайсыңдар балалар! Сендерге бүгінгі ойындар ұнады ма? Қандай ойындар ойнадық? Не жасадық? Қандай оюлармен таныстық? Төрт түліктің қандай пайдасы барын білдік?

Балалардың жауабы.

Балаларды мадақтау арқылы ұйымдастырылған ойын іс-әрекетін аяқтау.

**Күтілетін нәтиже: - балалар сөздерді буынға бөле алады.**

**-дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырадады.**

**-сөздерден сөйлем құрай алады.**


"Әжемнің текеметі"
Мустафаева А.
"Балауса" мад тобы

*«Нұрай» жеке балабақшасында*

*ұйымдастырылған ашық ойын іс-әрекеті.*

***Анықтама***

*22.11.2023 жылы «Балауса» МАД топ тәрбиешісі Мустафаева А*

*Тақырыбы: «Әжемнің текеметі»*

*Ойын іс-әрекетінде ата-анамен бірлестік жұмыс болды. Іс-әрекетінде ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып,ауызша сөйлеу машығын игерді, таным белсенділіктері қалыптаса түсіп,ақыл-ойы өсіп жетіледі,әрі адамгершілік қасиеттерді бойына көре алдым. Баланың қызығушылықтары мен бейімділіктерін іске асыруға бағытталған білім беру бағдарламаларын және қосымша бағдарламаларды әзірлеуге негіз болып табылатын мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламасын сәйкес жұмыс көрсете білді. Ұлттық рухани байлығын еске ала отырып балаларға түбіттен киіз басу ,одан әріп жазып шығармашылығын қалыптастырды .Өте жақсы деңгейде өтілді.3*

***Әдіскер:*** ***А.Айғабыл***

«Нұрай» жеке балабақшасы

**Бекітемін:** **Тексерілді:**

**Балабақша меңгерушісі: Л.Бакешова** **Балабақша әдіскері: А.Айғабыл**

**Тақырыбы:** ***«Сөз,сөйлем және буын»***

***Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет.***

**«Оюхан» мектепалды даярлық тобы**

**Тәрбиеші: Шекеева Динара**



**2024оқу жылы**

уні: 22.11.2024ж .

**Тақырыбы: «Сөз, сөйлем, буын»**

**Мақсаты:** Сөздері буынға бөлу. Дауысты дауыссыз дыбыстарды анықтау. Сөздерден сөйлем құратуға үйрету.

**Әдіс- тәсілі:** ойын технологиясы,сұрақ жауап, көрсету,түсіндіру.

1. **Барысы:**

**Балалар : «Амандасу» әдісі арқылы топқа кіреді**

**Тәрбиеші:** - Балалар , бүгін бізге көптеген апайлар қонаққа келіп отыр екен. Біз апайларды қуана қарсы алып, сәлемдесейікші.

**Балалар:** Сәлемдеседі.

Тәрбиеші: Ая мен Алидің қолдарындағы шардың әріптері желмен ұшып кетіпті **мүмкін топ ішінде болар іздеп көрейікші.**

**Балалар әріптерді тауып, қызыл және көк шарға жабыстырады.**

**Қане, балалар енді орнымызға жайғасып, алдымызда тұрған шарға жаңағы орналастырған әріптерімізді жазайық.**

**Тәрбиеші:** - Балалар, сендер қандай ертегілер білесіңдер ?
Балалар: Бауырсақ,Мақта қыз, Алдар көсе
Тәрбиеші; Ал, ендеше дәл осы ертегі кейіпкерлері бүгін біздің сабақта қонақта болады.
(Бауырсақ,Мақта қыз,Алдар көсе музык ырғағымен кіріп келеді.)
**Тәрбиеші:**
Қараңдаршы бүгін тобымыз керемет әріптерге толы боп тұр екен. Бізде әріптер бар және дыбыстар бар. Біз әріп таңбасын көреміз және жазамыз, ал дыбысты естиміз және айтамыз. Дыбыс нешеге бөлінеді. Сөз әріптерден құралады, сөздерден сөйлем құралады.

**-Ал, ендеше сендерді дамытушы орталарда көптеген қызықты ойындар күтіп тұр.Ол үшін әр бала өз ұяшықтарын таңдап, ұяшық ішіндегі түрлі түсті асықтарды таңдай отырып, дамытушы орталықтарға барады.Балалар орталықтарға ойын арқылы барады.**

**Ойын: «Дыбыстардан сөз құра»** ойыны арқылы орталықтарға барады.
**Мақсаты:** дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырату, балаларды шапшаңдыққа баулу.
**Шарты:** балалар кілемшедегі әріптерден сөз құрау
**1-ойын: « Керемет шарлар»**
**Мақсаты:** балалардың саусақ моторикасын дамыту,сөздерді жазуға үйрету.
**Шарты:** Балалар берілген шариктердене сөз құрастырып, жазады.

**2-ойын: « Көңілді әріптер»**
**Мақсаты: балаларрды шапшаңдыққа,ұқыптылыққа баулу.**
**Шарты: Балалар берілген әріптердің дауыты,дауыссыз екенін ажыратады .**

ойын: « Сиқырлы қаламсап»
Мақсаты:балалардың ептілігін арттыру,ойлау қабілеттерін дамыту.
Шарты: Балалар шаңырақ астындағы жасырылған әріптерді жіппен жазады.

4-ойын: «Клемше»
Мақсаты: балаларды тапқырлыққа баулу, ойлау қабілеттерін арттыру.
Шарты: Балалаар клемше астындағы жасырылған суретті тауып сөйлем құрайды.

5-ойын: «Алдаркөсені тамақтандыр»
Мақсаты: балалардың тіл байлығын дамыту.
Шарты: Алдаркөсеге бауырсақта жазылған буындарды оқып отырып, тамақтандырады.

6-ойын: «Бауырсақтың тілі»
Мақсаты: балалрды шапшаңдыққа, сауаттылыққа баулу.
Шарты : Барсақтың тілін тартып отырып, буынды сөздерді оқиды

7-ойын «Магниттік аспап»
Мақсаты: балалар әріптердің дауысты, дауыссыз екенін ажыратады.
Шарты: көк және қызыл магниттерді қолдану арқылы аріптерді атау

Жарайсыңдар балалар керемет ойындар ойнадыңдар, енді барлығымыз қолшатыр астына жиналайық.
Олай болса балалар мен сендерді жақсы көремін . (Қолшатыр ашылып, жапырақтар шашылады.)
Ойын: «Сиқырлы сандық » Түрлі түсті кілемше арқылы сөздерді буынға бөлеміз.
«Айна» «Алма» «Алаша» «Терезе» «Гүл» сөздерді буынға бөліп, неше буын барын анықтайды.

•

Жарайсыңдар балалар! Сендерге бүгінгі ойындар ұнады ма? Қандай ойындар ойнадық?
Балалардың жауабы.
Балаларды мадақтау арқылы ұйымдастырылған ойын іс-әрекетін аяқтау.

Күтілетін нәтиже: - балалар сөздерді буынға бөле алады.

-дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыраады.

-сөздерден сөйлем құрай алады.

«Нұрай» жеке балабақшасы









Оюхан МАД тобы «СӨЗ,СӨЙЛЕМ,БУЫН» 22.11.2024жыл







Тәрбиеші: Шекеева Динара